

**ISSN: 1814 - 6961**

**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2021, № 2 (94)**

**2 /2021**

## **Бас редактор**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

### **Редакциялық алқа**

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).*

*Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)*

*Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).*

*Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).*

*Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).*

### **Жауапты редактор**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

### **Ғылыми редактор**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

### **Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

### **Техникалық хатшы**

Зикирбаева Венера Серікқызы

**Главный редактор**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия**

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Ажигали Серик Ескендирович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)*

*Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК. (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)*

*Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)*

*Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)*

*Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)*

**Ответственный редактор**  
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**  
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**  
Зикирбаева Венера Сериковна

### Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

### Members of editorial board

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)*

*Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)*

*Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor; Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholyuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)*

*Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Gottingen University (Almaty, Kazakhstan)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic. (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraina)*

*Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

*Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)*

*Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)*

*Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)*

*Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)*

*Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)*

### Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

### Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

### Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

### Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

### Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ  
ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ  
HISTORY OF THE WORLD**

FTAMP 10.87.

DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_2\_179

**ТҮРКИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ  
АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ**

**Каримова Зульфия Каримовна<sup>1\*</sup>, Меделбай Айнур Абайқызы<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>ҚРБҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов ат. Шығыстану институты, Алматы қ., Қазақстан

\*Автор-корреспондент

E-mail:vostok\_karimova@mail.ru (Каримова), medelbai\_ainur@mail.ru (Меделбай)

**Түйіндеме.** Түркия халықаралық қатынастар саласындағы Қазақстанның басты серіктесі ретінде қысқа мерзім ішінде тілді, білім мен ғылымды, бизнесті ілгерілету саласында «жұмсақ күш» саясатын іске асырылуының стратегиясын, тетіктері мен нақты әрекеттерін жасады. Тиімділігі дәлелденген ынтымақтастықтың бағыттары болса оның жағымды және тартымды имиджін көрсетуде. «Жұмсақ күш» саясатын жүзеге асыру үшін Түркия екіжақты ғана емес, көпжақты ынтымақтастықты да қолдануда. Оның ішінде Түркияның Түркітілдес Мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесі (ССТС), Түркітілдес Мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА), Түркітілдес Мемлекеттердің Мәдениет және Өнер Ұйымы (TÜRKSOY) сияқты ұйымдар құру жөніндегі бастамаларын ерекше атап өту қажет. Осыған байланысты, бұл мақалада Түркияның «жұмсақ күш» саясатының мәдени және білім беру үдерісі аясындағы негізгі аспектілері қарастырылған, сонымен қатар қол жеткізілген оң нәтижелерге қарамастан, оның Қазақстандағы ықпалын ілгерілетудің көп өлшемді стратегиясы талданған. Мақалада салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, нақты мысалдарға негізделген Түркияның Қазақстандағы «жұмсақ күш» саясатына, оның тұжырымдамалық мазмұны мен іске асыру механизмдеріне тарихи шолу мен талдау жасалған. Бұл зерттеуде орыс, ағылшын және түрік тілдерінде ақпарат көздері пайдаланылды.

**Кілт сөздер:** Қазақстан, Түркия, «жұмсақ күш», білім, ғылым, мәдени ықпал

IRSTI 10.87.51

**MECHANISMS AND METHODS FOR IMPLEMENTING SOFT  
POWER OF TURKEY IN KAZAKHSTAN**

**Zulfiya Karimova<sup>1\*</sup>, Ainur Medelbay<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Ramazan Suleymenov Institute of Oriental Studies Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

\*Corresponding author

E-mail:vostok\_karimova@mail.ru (Каримова), medelbai\_ainur@mail.ru (Меделбай)

**Abstract.** Turkey, as the main partner of Kazakhstan in the field of international relations, has developed over a short period of time a strategy, mechanisms and concrete actions for the implementation of “soft power” in the field of promoting language, education and science, business cooperation, which have proven their effectiveness, which demonstrates its positive and attractive image. To implement the policy of “soft power” Turkey uses not only bilateral, but also multilateral cooperation. Among which, it is especially necessary to emphasize the initiatives of Turkey to create such organizations as the Cooperation Council of Turkic Speaking Countries (CCTC), the Parliamentary Assembly of Turkic Speaking Countries

(TurkPA), the Organization for Culture and Arts of Turkic Speaking Countries (TURKSOY). In this regard, this article examines the main aspects of Turkey's "soft power" policy in the context of the cultural and educational process, as well as, despite the positive results achieved, analyzes a multidimensional strategy for promoting its influence in Kazakhstan. The article provides a historical overview and analysis of Turkey's "soft power" policy in Kazakhstan, its conceptual content and implementation mechanisms, which are based on specific examples, using the method of comparative analysis. This study used sources in both Russian, English and Turkish.

**Key words:** Kazakhstan, Turkey, "soft power", education, science, cultural influence.

МРНТИ 10.87.51

## МЕХАНИЗМЫ И МЕТОДЫ РЕАЛИЗАЦИИ «МЯГКОЙ СИЛЫ» ТУРЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Каримова Зульфия Каримовна<sup>1\*</sup>, Меделбай Айнур Абайқызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт Востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МОН РК, г. Алматы, Казахстан

\*Автор-корреспондент

E-mail:vostok\_karimova@mail.ru (Каримова), medelbai\_ainur@mail.ru (Меделбай)

**Аннотация.** Турция как основной партнер Казахстана в сфере международных отношений выработала за небольшой период времени стратегию, механизмы и конкретные действия реализации «мягкой силы» в сфере продвижения языка, образования и науки, делового сотрудничества, которые доказали свою эффективность, что демонстрирует ее позитивный и привлекательный имидж. Для реализации политики «мягкой силы» Турция использует не только двустороннее, но и многостороннее сотрудничество. Среди которых особо необходимо подчеркнуть инициативы Турции по созданию таких организаций, как Совет по сотрудничеству тюркоязычных стран (ССТС), Парламентская ассамблея тюркоязычных стран (TurkPA), Организация по культуре и искусству тюркоязычных стран (TÜRKSÖY). В связи с этим в данной статье рассматриваются основные аспекты политики «мягкой силы» Турции в контексте культурно-образовательного процесса, а так же несмотря на достигнутые положительные результаты анализируется многомерная стратегия продвижения своего влияния в Казахстане. В статье представлен исторический обзор и анализ политики «мягкой силы» Турции в Казахстане, ее концептуального содержания и механизмов реализации, которые базируются на конкретных примерах, путем использования метода сравнительного анализа. В данном исследовании использованы источники как на русском, английском, так и на турецком языке.

**Ключевые слова:** Казахстан, Турция, «мягкая сила», образование, наука, культурное влияние

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда мемлекеттер арасындағы байланыстардың қыр-сыры мен деңгейін анықтайтын «дәстүрлі дипломатия» және «қоғамдық дипломатия» деген түсініктер өзектілігін арттыра түсті. «Дәстүрлі дипломатия» мемлекеттердің ресми өкілдері мен дипломаттары арасындағы өзара қарым-қатынас өнері мағынасын білдірсе, «қоғамдық дипломатия» немесе «жұмсақ күш» бұл бір елдің басқа мемлекеттердің халықтарымен байланыс саясатының «нәзік» жағын анықтайтын ұғым. Жаһандану әлемінде мемлекеттер өздерінің қарым-қатынастарын әлеуметтік деңгейде жақсарту мақсатында қоғамдық дипломатияны дамытуда, өйткені екі ел арасындағы қатынастар мемлекетаралық деңгейде ғана қалыптасқан, ал байланыс пен сандық дәуірде бұл әрине жеткіліксіз. Осы тұрғыдан алғанда, «жұмсақ күш» саясаты бұл басқа елдердің халықтарына тікелей немесе жанама түрде әсер ететін әдісі болып табылады (Snow, 2009: 6).

КСРО-ның ыдырауы мен Түркия өзінің «жұмсақ күш» саясатын маңызды сыртқы факторға айналдырды. 1991 жылдан кейін Кавказ және Орталық Азия елдері Түркияның ықпал ету аймағына қосылып, онда Қазақстанға деген қызығушылығы

ерекше орынға ие болды. Сол кездегі Түркияның премьер-министрі Сүлеймен Демирел атап өткендей: «Түрікменстан, Өзбекстан, Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан біздің елге қызығушылық танытып отыр. Түркия шекаралары өзгеріссіз қалғанына қарамастан кеңейеді. Түркия өзінің ықпалын Адриатикадан Ұлы Қытай қорғанына дейін кеңейтеді. Кавказдағы барлық ұлттар біздің бауырларымыз. Түркия - бүкіл аймақтың көз қарашығы» (Aydin, 2005: 101-147). Түркі мемлекеттері тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, Түркия тарапынан жалпы жағдайды бағалау үшін арнайы делегациялар жіберілді. Нәтижесінде Түркия Орталық Азияның барлық елдерімен дипломатиялық және экономикалық байланыстар орнатқан алғашқы мемлекет қатарынан табылды. Өз кезегінде Түркия әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени байланыстарды орнату мақсатында Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (ТІКА) мен Сыртқы экономикалық байланыстар кеңесі (DEİK) сияқты институттарды пайдаланды (Nazarbayev, 2017: 37).

1992 жылдан бастап Түркия өзара ынтымақтастық кеңестіктің жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асыру мақсатында Түркі мемлекеттері басшыларының саммиттерін өткізе бастады. Орталық Азия елдерінде мәдени орталықтар ашылды, студенттерге Түркиядағы университеттерде оқуға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламалары іске қосылды. КСРО ыдырағаннан кейін құрылған барлық Орталық Азия елдері 1985 жылы Түркия, Иран және Пәкістан құрған Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымына (ЭҰҰ) қосылды. ЭҰҰ-на жаңа мүшелерді қосу арқасында Түркия Орталық Азия елдерімен экономикалық байланыстарын нығайтуға мүмкіндік алды.

Орталық Азия мемлекеттері арасында Түркияның Қазақстанға бағытталған «жұмсақ күш» саясаты 1992 жылдың 2 наурызында дипломатиялық қатынастар орнаған алғашқы күндерден бастап даму динамикасының жоғарылауымен сипатталады. Түркияның сыртқы саясатының, сондай-ақ экономика мен ұлттық қауіпсіздік доктринасының теориялық негіздері болса Мустафа Кемал Ататүрік тұжырымдаған қауіпсіздікті қамтамасыз ету, даму ресурстарын тиімді пайдалану және аймақтағы беделін көтерумен айқаланады. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу нысанына айналған бұл мақаланың мақсаты – Түркияның Қазақстанға бағытталған «жұмсақ күш» саясатының тарихи тамырларын зерделей келе, оны жүзеге асырудың механизмдері мен әдістерін талдау болып табылды. Зерттеу барысында мәдениет пен білім беру саласында екі ел арасындағы келісімдер мен даму принциптерінің ресми құжаттары сарапталды, Түркия басшыларының ресми мәлімдемелері мен инвестициялық қоры зерттелді, түрік тіліндегі материалдары мен мұрағат құжаттары сараланды.

#### **Түркияның «жұмсақ күш» саясатының құқықтық-нормативтік негіздемесі**

XXI ғасырдың бірінші онжылдығында ішкі және сыртқы өзгерістер кешені Түркияның «жұмсақ күшіне» оң әсер етті. Түркияда сыртқы саясатқа көзқарасты өзгертудің негізгі факторы 2002 жылы Батыс құндылықтарына бағдарланған консервативті бағыттағы Әділет және даму партиясының (АКП) билікке келуімен басталды (Telatar, 2015: 495). Демократия, адам құқықтары және азшылықтардың құқықтары саласында жүргізілген реформалар Түркияның «жұмсақ күш» саясатына жағымды әсерін тигізді. Олар елдің саясатына әскери ықпал ету деңгейін төмендетіп, Түркияның азаматтық қоғамын нығайту бағытын қолға алды. Реформалар сонымен қатар Түркияның сыртқы саясатына бизнес және азаматтық қоғам ұйымдары сияқты жаңа қатысушылардың тығыз араласуына әкелді. 2007–2011 жылдар аралығында АКР үкіметі көрші елдермен мәдени жақындыққа көбірек көңіл бөле бастады. Геостратегиялық маңыздылығымен қатар, демократияның дамуы мен Түркияның өсіп келе жатқан экономикасы көп өлшемді және белсенді түрік сыртқы саясатының саяси негізіне айналды (Vural, 2017: 158).

Әлемдік қаржылық дағдарысы кезінде Түркия экономикасының өсуі елдің аймақтағы тартымдылығын арттырды. Бұл факторлар сол кездегі Түркия Президенті А.Гүлдің: «Түркия бір уақытта барлық бағыттарда, Шығыс пен Батысқа, Солтүстік пен Оңтүстікке қарай жылжуда. Сондай-ақ, Түркияның құндылықтары заңның үстемдігі, адам құқығын құрметтеу, ашықтық, гендерлік теңдік және еркін жұмыс істейтін нарықтық экономика сияқты барлық бағыттарда қозғалуы маңызды» деген сөздері оның «жұмсақ күш» саясатының қыр-сырын ашқан сыңайлы (Ақсадағ, 2010: 2).

«Стратегиялық тереңдік» доктринасына негізделген түрік сыртқы саясатындағы жаңа көзқарас негізінен 2009 жылдың мамырынан бастап Түркияның сыртқы істер

министрі болып қызмет еткен А.Дәуітоғлының ықпалымен қалыптасты. Жаңа бағыттың негізгі аспектісі болып «нөлдік проблемалар саясаты» таңдалды. Түркия көрші елдермен қатынастардағы барлық проблемаларды шешуге немесе ең болмағанда оларды барынша азайтуға тырысуда. Түрік сыртқы саясатына жаңа көзқарастың негізгі элементтері болып барлығына қауіпсіздік, саяси диалог, экономикалық тәуелсіздік және мәдени келісім белгіленді (Aydın, 2005: 366).

Екінші мерзімде АҚП үкіметі Түркияны «күш орталығы» етуге тырысты. Осы кезеңде Түркияның G20 және Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИБҰ) сияқты халықаралық бірлестіктердегі белсенділігі артып келеді. Айта кету керек, G-20 серіктесі Бразилиямен серіктестік қатынастар арқылы Түркия Латын Америкасындағы ықпалын күшейтуге тырысты. 2009-2010 жылдары Түркия БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің уақытша мүшесіне айналды ([http://bnews.kz/kznews/politika/vnutrennyaya\\_i\\_vneshnyaya\\_politika/787321-2012\\_05\\_22-787321](http://bnews.kz/kznews/politika/vnutrennyaya_i_vneshnyaya_politika/787321-2012_05_22-787321)).

Жүйелік және аймақтық факторлар өз әсерін тигізді, атап айтқанда Түркияның аймақтық ықпалын арттырылды. Таяу Шығыста 2003 жылы Иракпен соғыстан кейін қалыптасқан саяси вакуум және аймақтағы тәртіпті сақтайтын мемлекет ретінде АҚШ-қа деген сенімділіктің жоғалуы, араб әлеміндегі алауыздық және араб-израиль қақтығысының нашарлауы Түркияға осы вакуумды толтыруға және аймақтық қақтығыстарды реттеуде делдал ретінде қызмет етуге жағдай жасады. Арабтардың Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы толқуларынан кейін осы елдерге еліктеу көзі ретінде түрік моделі туралы мәселе талқылана бастады, бұл да Түркияның «жұмсақ күш» саясатына оң әсерін тигізді (Korotilev, 2013: 114).

Демократиялық және зайырлы саяси жүйесі, мұсылман халықтарының санының көптігі мен 1999 жылдан бастап ЕО-ға кіру перспективасымен Түркия көрші елдерге ықпалын арттырды. Елдің «жұмсақ күшінің» негізін құрайтын түрік мәдениетін сырттай насихаттау және көрсету стратегиясы жеткіліксіз болып қалды, өйткені Таяу Шығыстағы «қатал күш» пен белгісіздік басым болды. Соңғы жылдары Түркия аймақтағы салмағын арттыру мақсатында «қатал күш» саясатын пайдалана бастады. Ол өз кезегінде Ресеймен байланыстарына көлеңкесін түсірді. Дегенмен Түркия мен Орталық Азия елдері арасында сонау 1990-шы жылдардан кейін «жұмсақ күш» саясатының өзіндік құқықтық-нормативтік негізі қаланды және тарихи үдерістерге үңілетін болсақ, сатылы түрдегі жан-жақты мәдени-рухани ықпалы арттырылды.

Түркияның «жұмсақ күш» саясатының маңызды тетігі бұл мақсатты елдермен қол қойған стратегиялық серіктестік келісімдері болып табылады. Мұндай келісімдердің ең жарқын мысалдары ретінде Түркия мен Қазақстан арасындағы 2009 жылы жасалған Стратегиялық серіктестік туралы келісім және 2010 жылы Түркия мен Әзірбайжан арасындағы Стратегиялық серіктестік және өзара көмек туралы келісімдер маңызды болып табылады. Осы келісімдер негізінде серіктестіктерді жүзеге асырудың негізгі тетігі ретінде қызмет ететін уақытша үкіметаралық органдар - Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңестері құрылды (Aslan, 2014: 45).

«Жұмсақ күш» саясатын жүзеге асыратын және үйлестіретін Түркиядағы негізгі агенттіктер мен мекемелер болып Сыртқы істер министрлігі, Туризм және мәдениет министрлігі, Қоғамдық дипломатия министрлігі, Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (ТІКА), Түрік Қызыл Айы, Юнус Эмре қоры болып табылады. Осылайша, Түркия «жұмсақ күш» саясатын жүзеге асыру үшін ұлттық институттарды ғана емес, сонымен қатар мемлекетаралық бірлестіктерді де құрып, біріге әрекеттесуге тырысуда.

Түрік ынтымақтастық және координация агенттігі (ТІКА) - премьер-министрдің бақылауында 1992 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан мемлекеттік мекеме. Ол Таяу Шығыс, Кавказ, Орталық Азия, Балқан және Африка елдеріндегі бірлескен күш-жігердің сыртқы саяси құралы ретінде қарастырылады. ТІКА білім, денсаулық сақтау, ауылшаруашылықты дамыту, туризм және өнеркәсіп салаларында жобаларды жүзеге асырады. ТІКА кеңсесі алғаш Түркіменстанда ашылды; 2002 жылға қарай кеңселер тағы 12 елде пайда болды. 2012 жылға қарай желі 30 елдегі 33 кеңсеге дейін кеңейді. ТІКА Балқан, Орталық Азия, Таяу Шығыс, Африка және Латын Америкасындағы 100-ден астам елде жобаларды жүзеге асырады. 2002 жылы Түркияның даму қорлары 85 миллион долларды, 2011 жылы - 1 миллион 273 миллион долларды құрады, бүгінде олардың қаржыландыруы екі есеге артты (Erdoğan, 2014: 17).

2009 жылы Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстанның бастамасымен



Түркітілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі (ТМЫК) құрылды - аймақтағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және елдер арасындағы тату көршілік қатынастарды дамыту үшін халықаралық үкіметаралық ұйым болып табылады. Бұл мәселелер ТМЫК саммиттері аясында қарастырылады. ТМЫК аясында келесі мекемелер арқылы бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды: Түркі Іскер Кеңесі, Түркітілдес елдер арасындағы көлік дәліздері агенттігі, Түркі ғылыми зерттеу қоры және Түркітілдес елдерді дамыту қоры, қазіргі таңда Түркі университеттер аралық одағын құру жоспарлануда. Түрік университеті Абант Иззет Байсалдың бастамасымен одақтың міндеттері мен оларға жету жолдарын талқылау үшін негізгі университеттер өкілдерінің дайындық кездесуі өтті. Осы тұрғыда ТМЫК жұмыстары оңтайлы нәтижелер бермеді және жүйелі жұмыс тәртібін үйлестіре алмады деген тұжырым жасауға болады. Сондықтан 2009 жылы 3 қазанда Нахчывандағы (Әзірбайжан) саммитте жаңа ұйымның құрылғаны туралы жарияланды, оның принциптері 2010 жылғы 16 қыркүйектегі Стамбул декларациясында айқындалды. Бірінші кезеңде Түркі кеңесінің құрамына Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстан кірді. Түркі кеңесінің құрылымдары: Стамбулдағы Хатшылық, Президенттер Кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Аға лауазымды тұлғалар комитеті, Түркітілдес мемлекеттердің ақсақалдар кеңесі, Парламенттік Ассамблея (ТүркПА) Бакуде, Нұр-Сұлтандағы Түркі академиясы және Анкарада Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) болып табылды ([http://www.aikyn.kz/index.php?option=com\\_content&task=view&id=16669](http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=16669)).

#### **Түркияның Қазақстанға бағытталған «жұмсақ күш» саясатының қалыптасуы мен бағыттары.**

Түркия мемлекетімен мәдени қарым-қатынастың алғашқы ресми байланысы 1990 жылдың желтоқсанында орнай бастады. Осы жылы Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Түркия Республикасы Мәдениет министрлігінің арасында қарым-қатынас туралы келісімге және де Қазақ КСР-і мен Түркия Республикасының Үкіметтері арасындағы ресми протоколға қол қойылған болатын (Davutoğlu, 2009: 21). Аталған құжаттарда білім беру саласында көрсетілетін көмек, жоғары оқу орындарындағы қарым-қатынас, бірлескен ғылыми жобалар, студенттермен, әр түрлі саладағы мамандар, ғалымдар алмасу, халықаралық семинарлар, конференциялар, өнер фестивальдерін өткізу, көрмелер ұйымдастыру, түрлі мәдени орталықтар ашу, театрлық, музыкалық және басқа шығармашылық ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарды қолдау, марапаттау, қазақ жазушыларының шығармаларын түрік тіліне, ал түрік жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аудару, сол сияқты Қожа Ахмет Ясауи мен Арыстанбаб кесенелерін жөндеуден өткізу, бірлескен археологиялық зерттеулер ұйымдастыру және тағы басқа да мәдени саладағы қатынастар туралы шаралар нақты көрініс тапты (Тұяқбаев, 1999). 1992 жылдың 23 желтоқсанында Қожа Ахмет Ясауи кесенесін жөндеу мен реставрациялауға байланысты ҚР және ТР арасында ынтымақтастық пен міндет бөлісу туралы хаттамаға қол қойылған болатын. Осы құжат негізінде түркиялық құрылысшылар 1993-1995 жылдары өз міндеттерін абыроймен атқарып шықты. Осындай жұмыстардан соң түркиялық «Вакиф Иншаат» фирмасы Стамбул техникалық университетінің дайындағын техникалық жобасы негізінде интерьер мен төбе жабынын қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Түркиялық фирмалардың осындай қалпына келтіру жұмыстары барысында Түркістан қаласының 1500 жылдығын атап өту қарсаңында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұралар» тізіміне енді. Бұл жағдай Түркияның еліміздің мәдениетіне салған инвестициясының ең алғашқы жемісі болды.

Түркияның Қазақстанға бағытталған «жұмсақ күш» саясатының ең алдыңғы қатарда білім беру саласы көзге түседі. Осы бағытта жүзеге асырылған ең үлкен жобалардың бірі – түркиялық «Ұлы студенттік жоба» болып табылады. Осы жоба аясында Түркия 1992-1993 оқу жылынан бастап Қазақстаннан студенттер қабылдай бастады. Қазақстан Түркияға 1992 жылдың өзінде 1377 студент жіберді. 2019 жылғы жағдай бойынша Түркияның жоғары оқу орындарында 2760 Қазақстан азаматтары білім алуда (Оспанова, 2019: 48).

Сол сияқты, қазіргі кезде Юнус Эмре атындағы мәдени орталық Қазақстан мен Түркия арасындағы білім беру саласындағы жұмыстарға үлкен үлес қосып келеді. Халықаралық түрік мәдениетінің ұйымы ТҮРКСОЙ Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасын шартарапқа насихаттауды көздейтін «Әлемдік музейлердегі алтын киімді

адам» жобасы аясында Мәдениет және туризм министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Анкара қаласындағы Қазақстанның елшілігі, ҚР Ұлттық музейі және Анадолы өркениеттері музейімен бірлесіп ұйымдастырылды. «Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті» атты көрменің ашылуы 2019 жылдың 12 қыркүйегінде өтті. KATEAD қауымдастығы Алматыдағы Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясынан Мимар Синан бейнелеу өнері университетіне келген фотографтармен бірлесе Оңғарбек Алхаровтың ұсынысымен қазақтың мәдени өміріне арналған фотокөрме ашты. Көрмеге суретші Оңғарбек Алхаровтың бүркітпен аң аулау, ат жарыстыру, кілемшелер, киіз басу және қазақтың дәстүрлі өмір салтына жататын кестелер сияқты колөнер туралы түсірген фотосуреттері қойылды. Темірбек Жүргенов атындағы Өнер академиясының фотосуреттерін және өзінің колөнер салаларын меңгерген Оңғарбек Алхаров, Жанна Қуандық, Динара Қалмирзаева, Қалдығөз Рахым және Динара Қыдырмаева сынды мамандары Түркияның шақыруымен Мимар Синан бейнелеу өнері университетінде болып қайтты. Түрік және ислам өнері музейінде Халықаралық Түрік мәдениеті ұйымымен (ТҮРКСОЙ) және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейімен бірлесіп ұйымдастырылған «Ұлы дала елдерінің тарихимәдени мұрасы» көрмесі ашылды. Халықаралық Түрік мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінің ынтымақтастығымен ұйымдастырылған көрмеде ежелгі дәуірде Орталық Азияда өмір сүрген халықтардың көшпелі мәдениетіне байланысты археологиялық олжалар, сондай-ақ қазақтардың өмірі, қоршаған ортасы мен мәдени ерекшеліктерін бейнелейтін этнографиялық жәдігерлер қойылған (Вуіклі, 2016: 117).

Екі ел Президенттерінің, Білім, ғылым және мәдениет министрлерінің өзара көптеген іс-сапарлары іске асып, екі жақты делегациялар алмасу, мемлекетаралық ресми байланыстар кезінде келісілген қатынастар туралы шарттар негізінде тікелей мәдениет мекемелері мен шығармашылық ұйымдар мен ұжымдар, оқу орындары мен ғылыми институттар және орталық өкілдерінің тұрақты байланысы орын алды. Түркия Ғылым Академиясына және оған қарасты ведомстволар мен ғылыми мекемелер, ЖОО арасында мамандар, студенттер мен оқытушылардың алмасуы Қазақстан үшін ғылым, білім, мәдениет саласында шетелдік тәжірибе жинақтаудың алғашқы мектебі болғандығын айтуымызға болады.

«Жұмсақ күш» саясатының маңызды бағыттарының бірі рухани байланыстар, соның ішінде мәдениет күндерінің өткізілуі аса маңызды болып табылады. 90-жылдардан бастап «Түркиядағы Қазақстанның мәдениет күндері» және «Қазақстандағы Түркияның мәдениет күндері» айдарларымен ауқымды мәдени іс-шаралар өткізу тұрақты іске аса бастады. Қазақстан және Түркия түрік әлемінде өткізілген ортақ құрылтайларға, көптеген жастар фестивальдеріне, жазушылар, музыканттар, мәдениет және ғылым қайраткерлерінің жиындарына, кинематография фестивальдеріне екі елдің де бұқара өкілдері көптеп тартылды. Осы жылдары арнайы екі ел суретшілерінің көрмелері ұйымдастырылып, елді таныстыру мақсатында түрлі телехабарлар және сұхбаттар дайындалып, эфирге шықты. Осы мақсатта екі жақтың өзара техникалық көмектесуі, түрлі кеңесулер, жетістіктер және тәжірибе алмасу үдерістері жүзеге асты (<https://nur-sultan.yee.org.tr/kk/news/astanada-osmanly-memleketi-men-orta-aziya-handyktarynyn-karym-katynastarynynkuzhattary-kormesi>).

Анкарадағы ҚР Елшілігі 2000 жылдың қазанында Түркияның Мәдениет министрлігімен және Ынтымақтастық және даму агентігімен (ТИКА) бірігіп, бірнеше қалаларда қазақ-түрік достығына арналған шаралар ұйымдастырды. Бағдарлама аясында Н. Назарбаевтың түрік тіліне аударылған «Тарих толқынында» кітабының тұсау кесері, әдеби кітаптардың көрмесі, қазақстандық өнер шеберлерінің концерттері өтті. Осы уақытта, Түркістан қаласының 1500 жылдық тойына құрметті қонақтар қатарында ТР Президенті А.Н. Сезер келіп, ресми сапар аясында Астана, Шымкент, Түркістан қалаларында болды. Ал 2000 жылдың 19 қазанында ресми сапармен ТР Мәдениет министрі Истеміхан Талай Қазақстанға келген болатын. Қазақстанда Абайдың 150 жылдығынан соң ЮНЕСКО деңгейінде өткізіліп отырған халықаралық шараға шетелдерден келген делегациялар арасында түркиялықтар үлкен дайындығымен ерекшеленді. Оның бір айғағы, осы мерейтойға ТИКА агенттігі «Түркістанның пірі Қожа Ахмет Ясауи және ғимараты» атты кітап дайындап алып келді.

Түркияның «жұмсақ күш» саясатының басты аспектілерінің бірі рухани

ынтымақтастық, адами және діни мұсылмандық дәстүрлерді калпына келтірудің маңызы ерекше. Кеңестік тоталитарлық қоғамда Қазақстанның діндарлар қауымы бүкіл КСРО құрамындағы республикадағы сияқты әсірәтеистік саясаттың қыспағында болған еді. Оның салдары халықтың рухани жан-дүниесіне, діни және мәдени құндылықтарды бағалауға, пайдалануға кедергі жасап, халықты мәңгірттендіру, өз тілі мен дінінен оқшаулауға алып келді. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздік қарсаңында «Елдігімізді нығайтудағы басты міндет, ортақ заңдылықтар мені құндылықтар негізінде барлық халықтар мен қоғамның мәдени әрі рухани бірлігін сақтай білу болып табылатындығын» атап көрсеткен еді ([https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo\\_respubliki\\_kazahstan\\_premier\\_ministr\\_rk/mejdunapodnyie\\_otnosheniya\\_respubliki\\_kazahstan/id-P100000908/](https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/mejdunapodnyie_otnosheniya_respubliki_kazahstan/id-P100000908/)). Осы тұрғыда Қазақстан мен Түркияның рухани-мәдени және ең бастысы саяси ынтымақтастығының бір көрінісі ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының ұсынысымен 2012 жылы Астана қаласы, 2013 жылы Эскишехир қаласы «Түркі әлемінің астанасы» болып жарияланған еді. 2012 жылы 10-12 қазанда Н.Ә. Назарбаевтың Түркияға сапары аясында Қазақстан тарихы мен мәдениетінің брендіне айналған «Алтын адам» экспозициясы, қазақ фильмінің классикасы саналатын «Тақиялы періште», «Қыз Жібек» сияқты көркем фильмдер түрік тіліне дубляж жасалып, көрермендердің назарына ұсынылды, сондай-ақ Қазақстан өнер шеберлерінің гала концерті ұйымдастырылды. ТҮРКСОЙ-дың шешімімен 2017 жылы «Түркі әлемінің астанасы» болып Түркістан қаласының белгіленуі де осы дәстүрдің жалғасы болды. Осы шараға байланысты Түркістан қаласында түркі әлемінің өнер және мәдениет қайраткерлері, саясаткерлер мен ғалымдар, БАҚ өкілдері бас қосып, көптеген мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Түркияда Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне үлкен қызығушылық бар. Екі ел арасында үнемі мәдени алмасулар даму үстінде. Қазақстанда өткізілетін мәдени іс-шараларға түркі тарапы белсенді қатысады. Қазақстанда өткізілетін мұндай шараларға 1994 жылы қазандағы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша түркітілдес мемлекеттер басшыларының кездесуінен кейін қабылданған БІстамбұл декларациясының мәтінінде көрнекті тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына және түркі мәдениетінің маңызды оқиғаларына байланысты атаулы күндерді бірлесіп атап өту ұсынылды (Тұяқбаев, 1999). Осындай жұмыстар барысында қазақ әдебиеті түрік оқырмандарына тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Абай, Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаев және басқа да ақын-жазушылардың аударма шығармалары арқылы кеңінен таныла бастады. Әдеби байланыстар екі халыққа да ортақ мәдени оқиғаларға, айтулы даталарға байланысты кең өріс алды. Айталық, Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай 1995 жылдың 20-27 сәуірінде Абай апталығы Түркияның Стамбул, Анкара, Измир, Маниса сияқты ірі саяси, мәдени және сауда-экономикалық орталықтарында кеңінен аталды. Осы мерекелік шараға Қазақстан Үкіметінің вице-премьері А. Есімов бастаған Қазақстан делегациясы қатынасса, мерекені ұйымдастыруға Түркияның жоғары басшылығы, Президент аппаратының, Мәдениет және Білім министрлігінің өкілдері, түрлі қорлар, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар кеңінен үлес қосты. Мереке алдында Абайдың «Таңдамалы шығармалары» тұңғыш рет түрік тіліне аударылып, кітап ретінде 1995 жылы екі тілде Анкара қаласында 200 мың данамен жарыққа шықты.

Соңғы жылдары Түркияның «жұмсақ күш» саясатының арасында Юнус Эмре қорының белсенділігі артты. Қазақстанда іске асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2018 жылдың 15-23 мамыр аралығында Астанадағы Қазақстан Ұлттық музейінде Юнус Эмре түрік мәдениет орталығының ұйымдастыруымен «Османлы мемлекеті мен Орта Азия хандықтарының қарым-қатынастарының құжаттары» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге Түркия Республикасы Ұлттық мұрағат басқармасы тарапынан 40 құжат ұсынылды. Солардың арасында қазақ билеушілерінің «Еліне қайтқан елші Сәйітқұл Бахадыр арқылы Сұлтан III. Ахметтің Қазақ ханы Қайып Мұхаммед ханға жолдаған достық және игі ниетін білдіретін хаты, 1713 жылғы 21 тамыз; Қазақ ханы Қайып Мұхаммедтің Сұлтан III. Ахметке жолдаған он бөлек сый-сияпат тіркелген дәптердің көшірмесі (1713 жылғы 21 тамыз); Қазақ ханы Қайып Мұхаммедтің елшісі Сейіт Мұхаммедқұл бей тапсырған хаттың аудармасының көшірмесі (1714 жыл 16 қаңтар); Қазақ ханы Қайып Мұхаммедтің елшісі Мұхаммед құлдың ауызша сәлемінің қағазға түсірілген нұсқасы (1714 жылғы

16 қаңтар); Қазақ ханы Қайып Мұхаммедтен келген хаттың көшірмесі (1716 жылғы 14 желтоқсан)» хаттары болған (<https://nur-sultan.yee.org.tr/kk/news/astanada-osmanly-memleketi-men-orta-aziya-handyktarynyn-karym-katynastarynynkuzhattary-kormesi>).

Түркия қазіргі кезде ЖОО арқылы өзінің жағымды «жұмсақ күш» саясатын арттыруда. Түрік университеттері қауымдастығына енетін Баку мемлекеттік университеті, Әзірбайжан медициналық университеті, Әзірбайжан сәулетқұрылыс университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті, Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті, Назарбаев Университеті, Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Хусейн Карасаев Бішкек гуманитарлық университеті, Халықаралық Қырғызстан университеті, Қырғызстан-Түркия Манас университеті, Стамбул университеті, Еге университеті, Ататүрік университеті, Битлис Ерен университеті және Эскишехир Османгази университеттерінің білім саласындағы қызметі түркі тілдес мемлекеттердің білім жүйесін ортақтастыруға ықпал жасай бастады. Осындай оқу орындарының қатарында Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы білім, ғылым және мәдениет келісімдерінің нәтижесінде Алматыда құрылған Шет тілдер және іскерлік карьера университетін атауға болады. Университеттің құрушысы «Орта Азия Мәдениет қоры» болып табылады.

**Қорытынды.** Талдау көрсеткендей, соңғы жиырма жыл ішінде «жұмсақ күш» саясаты Түркияның сыртқы саясатының басымдықтарын жүзеге асыру үшін шешуші маңызға ие болды. Бастапқыда Түркияның «жұмсақ күш» саясаты Еуразия аймағындағы елдердің тарихи, мәдени және тілдік жалпылығының негізінде қалыптасты, бірақ Түркия тек осы салалармен ғана шектеліп қалмай, іскерлік байланыстарды белсенді дамыта бастады, әсіресе өзінің геосаяси ықпал аясындағы елдердің дамуына әсер етті. Соңғы онжылдықта Түркия өзінің тиімділігін дәлелдеген «жұмсақ күш» саясатын іске асырудың бірқатар формаларын жасады. Мәдениет пен тілді насихаттау саласында мұндай формалар түрік тілі, түрік тарихы мен мәдениеті оқытылатын мектептер құру және түркі мемлекеттерінің ірі университеттерінде түрік тілін оқыту кафедраларын ашу, сондай-ақ түрік тарихына байланысты тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру. Білім, ғылым және инновация саласындағы ынтымақтастық аясында Түркия университеттер арасында ынтымақтастық туралы келісімдер, сондай-ақ ғылыми-техникалық ынтымақтастық бағдарламалары аясында бірлескен ғылыми жобалар жасасуды қолдап келеді. Түрік кәсіпкерлерінің қызметін жеңілдететін екіжақты және көпжақты іскерлік кеңестер байланыстарды дамытудың негізгі құралына айналды. Түркия негізгі институты ТІКА негізінде дамудың органикалық жұмыс істейтін халықаралық жүйесі, басым елдерде ТІКА кеңселерінің кең желісін құру, бағалаудың арқасында халықаралық дамуға көмек көрсету саласындағы жемісті жұмыстың бай тәжірибесін жинақтады. 2000 жылдары Түркияда жүргізілген демократиялық реформалар түрік іскери ұйымдары мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ынталандырды, бұл елдің қоғамдық дипломатиясының әлеуетін арттыруға ықпал етті. Осылайша, Түркияның жаңа, үнемі өзгеріп отыратын «жұмсақ күш» саясаты өзінің тиімділігін дәлелдеді және шешілмеген мәселелер шешілген жағдайда Түркияның Еуразия аймағында да, әлемдік аренада да ықпалы артады деген тұжырым жасауға болады.

### Әдебиеттер тізімі

Астанада «Османлы мемлекеті мен Орта Азия хандықтарының қарым қатынастарының құжаттары көрмесі», <https://nur-sultan.yee.org.tr/kk/news/astanada-osmanly-memleketi-men-orta-aziya-handyktarynyn-karym-katynastarynynkuzhattary-kormesi> (қаралған күні: 09.03.2021).

Akçadağ Emine (2010), *Dunya'da ve Turkiye'de Kamu Diplomasisi*, TASAM Kamu Diplomasisi Enstitüsü.

Aslan Davut Han, BozyigitDuygu (2014), *Turkey-Kazakhstan relations: an overview of mutual relations since the collapse of the Soviet Union*. Vistula University, KNUV. Warsaw: Poland, №4 (42).

Aydın Mustafa (2005), *Turkiye'nin Orta Asya-Kafkaslar Politikası*, Kuresel Politikada Orta Asya, 1. Baskı, [Turkey's policy in Central Asia-Caucasus, Central Asia in Global Politics, 1st Edition]Ankara: Nobel Yayın Dağıtım.

- Aydın M.(2005), Relations with Caucasus and Central Asia, Turk Dış Politikası, 1980-2001, Der. Baskın Oran, Baskı, İstanbul: İletişim, Vol. 2, №8.
- Bıyıklı M. (2016), Turk Dünyası Ortak Kuruluşu Olarak Türk Akademi Uluslararası Teşkilatı (TWESCO), Rolü ve İş birlikleri. Dumlupın Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, Avrasya Özel Sayısı.
- Davutoğlu Ahmet (2009), Stratejik Derinlik, İstanbul.
- Erdoğan H. (2014), Türk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesinin (TURKPA) Uluslararası Hukuki Kişiliği, Yasama Dergisi.
- Korotilev A.P. (2013), Rus Toplum ve Siyasilerin Türkiye'nin Kafkasya Politikasına Bakışı. Avrasya Uluslararası Ekonomik ve Stratejik Araştırma Dergisi, Türkiye, Nisan. Bahar, №22.
- Nazarbayev Nursultan (2017), Tauelsizdik Dauiri, Astana.
- Оспанова А. (2019), Түрік-қазақ қатынастары қазақ ұлтының пайда болуынан бүгінге дейін: тар. ғыл. канд. дис. Измир: Докуз Эйлюль Университеті; әлеуметтік ғылымдар институты.
- Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики о сотрудничестве в области туризма, [https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo\\_respubliki\\_kazahstan\\_premier\\_ministr\\_rk/mejdunapodnyie\\_otnosheniya\\_respubliki\\_kazahstan/id-P100000908\\_](https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/mejdunapodnyie_otnosheniya_respubliki_kazahstan/id-P100000908_/)/(дата обращения:08.03.2021).
- Snow Nancy, Philip M. Taylor (2009), Routledge Handbook of Public Diplomacy, Routledge, New York-London.
- Telatar Gukhan (2015), Ak Parti'nin Düzen Kurucu Dış Politika Süylemi Ve Ortadoğu, Alternatif Politika № 7.
- Түрік Республикасының Премьер-министрі Режеп Тайып Ердоған В News.kz агенттігіне берген сұхбаты, [http://bnews.kz/kznews/politika/vnutrennyaya\\_i\\_vneshnyaya\\_politika/787321-2012\\_05\\_22-787321](http://bnews.kz/kznews/politika/vnutrennyaya_i_vneshnyaya_politika/787321-2012_05_22-787321) (қаралым күні: 17.02.2021).
- Түймебаев Ж. Қазақстанның Түркиядағы Төтенше және өкілетті елшісі, [http://www.aikyn.kz/index.php?option=com\\_content&task=view&id=16669](http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=16669) (қаралым күні: 14.02.2021).
- Тұяқбаев М. (1999), Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіру қалай жүргізілуде?, «Түркістан» қалалық газеті, 19 қаңтар.
- Vural Yılmaz Devrim (2017), Geleceğin Diplomatik İnşası: Kamu Diplomasisi Aracı Olarak Turk Yükseköğretimi, Akademik Sosyal Araştırmalar Dergisi № 13.

### References

- Astanada «Osmanly memleketi men Orta Aziya handyqtarynyn gqarym qatynastarynyng quzhattary kormesi», (Exhibition of documents on relations between the Ottoman Empire and the Central Asian Khanates in Astana). <https://nur-sultan.yee.org.tr/kk/news/astanada-osmanly-memleketi-men-orta-aziya-handyktarynyn-karym-katynastarynyngquzhattary-kormesi> (qaralgankuni: 09.03.2021) [In Kazakh].
- Akçadağ Emine (2010), Dünya'da ve Türkiye'de Kamu Diplomasisi (Public Diplomacy in the world and Turkey), TASAM Kamu Diplomasisi Enstitüsü [In Turkish].
- Aslan Davut Han, Bozyigit Duygu (2014), Turkey-Kazakhstan relations: an overview of mutual relations since the collapse of the soviet union. Vistula University, KNUV. Warsaw: Poland, №4 (42) [In English].
- Aydın Mustafa (2005), Türkiye'nin Orta Asya-Kafkaslar Politikası, Küresel Politikada Orta Asya, 1. Baskı, (Turkey's policy in Central Asia-Caucasus, Central Asia in Global Politics, 1st Edition).Ankara: Nobel Yayın Dağıtım [In Turkish].
- Aydın M.(2005), Relations with Caucasus and Central Asia, Turk Dış Politikası, 1980-2001, Der. Baskın Oran, Baskı, İstanbul: İletişim, Vol. 2, №8 [In Turkish].
- Bıyıklı M. (2016), Turk Dünyası Ortak Kuruluşu Olarak Turk Akademi Uluslararası Teşkilatı (TWESCO), Rolü ve İş birlikleri (The Turkish Academy International Organization (TWESCO), its Role and Collaborations as the Turcic World Joint Organization). Dumlupın Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, Avrasya Uzel Sayısı [In Turkish].
- Davutoğlu Ahmet (2009), Stratejik Derinlik (Strategic Depth). İstanbul [In Turkish].
- Erdoğan H. (2014), Turk Dili Konuşan Ülkeler Parlamenter Asamblesinin (TURKPA) Uluslararası Hukuki Kişiliği (International Legal Personality of the Parliamentary Assembly of Turkic Speaking States (TURKPA)).Yasama Dergisi [In Turkish].
- Korotilev A.P. (2013), Rus Toplum ve Siyasilerin Türkiye'nin Kafkasya Politikasına Bakışı

(Russian Society and Political Perspective of Turkey's Caucasus policy). *Avrasya Uluslararası Ekonomik ve Stratejik Araştırma Dergisi*, Türkiye, Nisan. Bahar, №22 [In Turkish].

Nazarbayev Nursultan (2017), *Tauelsizdik Dauiri* (The era of independence). Astana [In Kazakh].

Ospanova A. (2019), *Turik-qazaq qatynastary qazaqultynyng pajda boluynan buginge dejin: tar. gyl. kand. dis.* (Turkish-Kazakh relations from the emergence of the Kazakh nation to the present day). Izmir: Dokuz Ejlyul' Universiteti; aleumettik gylymdar instituty [In Kazakh].

Soglashenie mezhdru Pravitel'stvom Respubliki Kazahstan i Pravitel'stvom Tureckoj Respubliki o sotrudnichestve v oblasti turizma (Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of Turkey on cooperation in the field of tourism). [https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo\\_respubliki\\_kazahstan\\_premier\\_ministr\\_rk/mejdunapodnyie\\_otnosheniya\\_respubliki\\_kazahstan/id-P100000908\\_\(data\\_obrashenja:08.03.2021\)](https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/mejdunapodnyie_otnosheniya_respubliki_kazahstan/id-P100000908_(data_obrashenja:08.03.2021)) [In Russian].

Snow Nancy, Philip M. Taylor (2009), *Routledge Handbook of Public Diplomacy*, Routledge, New York-London [In English].

Telatar Gukhan (2015), *Ak Parti'nin Düzen Kurucu Dış Politika Syylemi Ve Ortadoğu* (AK Party's Order-Establishing Foreign Policy Discourse and the Middle East), *Alternatif Politika* № 7 [In English].

Turik Respublikasynyng Prem'er-ministri Rezhap Tajyp Erdogan BNews.kz agenttisine bergen suhbaty (Prime Minister of the Republic of Turkey Recep Tayyip Erdogan gave an interview to BNews.kz), [http://bnews.kz/kznews/politika/vnutrennyaya\\_i\\_vneshnyaya\\_politika/787321-2012\\_05\\_22-787321](http://bnews.kz/kznews/politika/vnutrennyaya_i_vneshnyaya_politika/787321-2012_05_22-787321) (qaralymkuni: 17.02.2021) [In Kazakh].

Tyjmebaev Zh. Kazakhstannyng Turkiyadagy totenshe zhane okiletti elshisi (Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of Kazakhstan to Turkey), [http://www.aikyn.kz/index.php?option=com\\_content&task=view&id=16669](http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=16669) (qaralymkuni: 14.02.2021) [In Kazakh].

Tuyaqbaev M. Kozha Ahmet Yasau kesenesin qalpyna keltiru qalaj zhurgizilude? (How is the mausoleum of Hodja Ahmed Yassavi restored?), «Түркістан» қалалық газеті, 19 қаңтар [In Kazakh].

Vural Yılmaz Devrim (2017), *Geleceğin diplomatik İnşası: Kamu Diplomasisi Aracı Olarak Turk Yukseköğretimi* (Diplomatic Construction of the Future: Turkish Higher Education as a Tool of Public Diplomacy). *Akademik Sosyal Araştırmalar Dergisi* № 13 [In Turkish].

IRSTI 03.06

DOI 10.51943/1814-6961\_2021\_2\_188

### SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION

Ahmet Burçin Yereli<sup>1</sup> , G. Movkebaewa<sup>2</sup> , A.K. Toguzbayeva<sup>2\*</sup> 

<sup>1</sup>Hacettepe University, Turkey, Ankara

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty.

\*Corresponding author: [alia\\_8783@mail.ru](mailto:alia_8783@mail.ru) (Toguzbayeva) E-mail: [aby@hacettepe.edu.tr](mailto:aby@hacettepe.edu.tr) (Ahmet Burçin Yereli), [gmovvebaewa@mail.ru](mailto:gmovvebaewa@mail.ru) (Movkebaewa)

**Abstract.** This topic received a popular coloring when Kazakhstan demanded registration or official re-registration of vehicles imported from the countries of the Customs Union and the EAEU. In connection with this circumstance, indignation of citizens went in many cities, which required a significant rethinking of the decision of the government of the Republic of Kazakhstan. Some analysts began to draw conclusions and attribute this decision of the Government of the Republic of Kazakhstan to the regulation regulation of the adopted EAEU laws, while other authors referring to the main adopted laws of the EAEU states undermining the authority of states and the undeveloped transport and logistics system. Car owners themselves demanded a specific decision not in favor of the monopoly of the car market and personality factors and not to the detriment of the financial predisposition of citizens of the Republic of Kazakhstan. Nevertheless, the point is the question of how much the decision was made to re-register customs and the profitability of the logistics

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

<b>Имангалиев А., Дүкенбаева З.</b> ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ.....	5
<b>Қамбарбекова Ғ.Ә.</b> «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР.....	16
<b>Байдильдина Феллан С.Х., Раджапов А.У.</b> «БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....	29
<b>Карамендина М.Ө.</b> ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	40

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ  
MEDIEVAL HISTORY**

<b>Атыгаев Н.А.</b> КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН В XV – НАЧАЛЕ XVI В.....	57
--	----

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
НОВАЯ ИСТОРИЯ  
NEW HISTORY**

<b>Абдулина А.Т.</b> К ПРАКТИКЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В СЕМИРЕЧЬЕ.....	66
---	----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА  
SOVIET PERIOD HISTORY**

<b>Бәкір Ә.Қ., Тайман С.</b> МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ.....	80
<b>Санъязов Е.</b> АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (СЕМЕЙ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА).....	92
<b>Көкебаева Г.К.</b> КЕҢЕС-ГЕРМАН МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ.....	101

**Касымова Д.Б., Қудайбергеноулы Б.**  
 НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ  
 ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ  
 РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР.....114

**Аминов Т., Талгатбеков А.**  
 ЖУМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ  
 КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.....127

**Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.**  
 СОВЕТСКОЕ ДЕТСТВО КАЗАХСТАНА В 60-Е ГОДЫ XX ВЕКА  
 (ПО МАТЕРИАЛАМ ГАЗЕТЫ «КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»).....142

**Шашаев Ә.Қ., Зикирбаева В.С.,  
 Мурзаходжаев Қ.М., Мрзабаева Р.Ж.**  
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ  
 ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....157

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ  
 ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА  
 INDEPENDENT KAZAKHSTAN HISTORY**

**Kassymova D., Litvin D.**  
 UKRAINIAN ETHNO-CULTURAL CENTERS IN ALMATY CITY AND  
 ALMATINSKAYA OBLAST: CURRENT SITUATION AND CHALLENGES.....170

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ  
 ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ  
 HISTORY OF THE WORLD**

**Каримова З.К., Меделбай А.А.**  
 ТҮРКІЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»  
 САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....179

**Ahmet Burçin Yereli, G. Мовкебаева, А.К. Toguzbayeva**  
 SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS  
 AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION.....188



**Басуға 15.07.2021 қол қойылды**  
Шартты баспа табағы –12,5  
Офсеттік басылым  
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»  
журналының редакциясында басылды